



**2014 жылғы 28 мамырға
(көпшілік құрам болмай қалған жағдайда
2014 жылғы 29 мамырға) тағайындалған
«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері
жылдық жалпы жиналысының
материалдары**

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

№ 4/2014 пункт 8

Астана қаласы

**ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА
ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ**

“17” сәуір 2014 ж./г.

город Астана

Төраға

А.М. Қасымбек

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын
шақыру және Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы мөлшерін, тәртібін
және шарттарын белгілеу ұсыныстар туралы**

Директорлар кеңесі **ШЕШТІ:**

8.1. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жылдық жалпы жиналысы келесі күн тәртібімен 2014 жылғы 28 мамырда шақырылсын:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013 жылға жылдық қаржы есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту туралы;

3) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013 жылға жылдық есебін бекіту туралы;

4) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы;

5) «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне 2013 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің арыз-шағымдарын қарау және оларды қараудың қорытындылары туралы;

6) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару туралы;

7) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, соның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы;

8) Тәуелсіз директорларға өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және өтем төлеу мөлшерін және шарттарын белгілеу туралы;

9) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;

10) «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы туралы Ережені бекіту туралы;

11) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережені жаңа нұсқада бекіту туралы.

8.2. Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына ұсынылсын:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларына сыйақының мынадай мөлшерлері белгіленсін:

жылдық кесімді сыйақы мөлшері салықтарды және басқа міндетті аударымдарды ұстағаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ доллары;

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің әр бас қосқан отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы салықтарды және басқа міндетті аударымдарды ұстағаннан кейін 1 000 (бір мың) АҚШ доллары.

2) «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларына сыйақы төлеуді, сондай-ақ шығыстарын өтеуді белгілеу тәртібі мен шарттары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен (2011 жылғы 14 сәуірдегі №55 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдары тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидасына сәйкес белгіленсін.

8.3. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Қ.М. Қабылдин осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіпте қабылдасын.

Топтық хатшы



А. Майкенов

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жылдық жалпы жиналысының шешімі

**«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013 жылға
жылдық қаржы есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы
есептілігін бекіту туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013 жылға жылдық қаржы есептілігі және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігі мынадай негізгі көрсеткіштермен бекітілсін:

«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша жеке алғанда:

мың теңге

Көрсеткіш атауы	2013 жыл	2012 жыл	Өзгеріс %-бен
Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден алынған табыс	168 214 901	123 931 842	36%
Өткізудің өзіндік құны	(94 404 328)	(83 711 982)	13%
Жалпы пайда	73 810 573	40 219 860	
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(9 190 686)	(9 323 465)	-1%
Негізгі қаражаттың құнсыздануы	(10 664 313)	(766 227)	1 292%
Басқа да операциялық табыстар	7 605 493	1 619 386	370%
Операциялық пайда	61 530 734	31 294 404	97%
Бағам айырмашылығынан болған пайда/залал	43 860	(181 280)	- 124%
Қаржылық табыс	3 971 102	1 877 753	111%
Қаржылық шығындар	(1 374 236)	(826 017)	66%
Табыс салығы бойынша шығыстар	(13 063 819)	(7 262 245)	80%
Жыл ішіндегі таза пайда	52 016 547	25 334 951	105%

шоғырландырылғаны:

мың теңге

<u>Көрсеткіш атауы</u>	<u>2013 жыл</u>	<u>2012 жыл</u>	<u>Өзгеріс %-бен</u>
Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден алынған табыс	190 021 672	143 061 325	33%
Өткізудің өзіндік құны	(110 968 699)	(99 603 631)	11%
Жалпы пайда	79 052 973	43 457 694	
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(11 027 504)	(10 977 575)	0,5%
Негізгі қаражаттың құнсыздануы	(12 663 453)	(766 227)	1 553%
Басқа да операциялық табыстар	7 937 123	1 658 170	379%
Операциялық пайда	62 617 397	33 060 767	89%
Бағам айырмашылығынан болған пайда/залал	103 799	(220 281)	-147%
Қаржылық табыс	4 197 234	1 950 357	115%
Қаржылық шығындар	(1 374 236)	(847 531)	62%
Бірлескен-бақылаудағы кәсіпорындар табысының үлесі	11 846 567	8 107 979	46%
Табыс салығы бойынша шығыстар	(13 847 161)	(8 550 163)	62%
Жыл ішіндегі таза пайда	63 543 600	33 501 128	90%
Есепті кезеңдегі пайдаға қарағанда Қоғам жай акцияларын ұстаушыларға келетін бір акцияға базалық пайда (теңгемен)	165	96	72%

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы «__» _____
№ __ шешімінің жобасына қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013 жылға жылдық қаржы есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы мәселе бойынша түсіндірме жазба

2014 жылғы «__» _____

Астана қ.

1. Мақсат

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлері жылдық жалпы жиналысының Қоғамның 2013 жылға жылдық қаржы есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін бекітуі.

2. Міндет

Міндеті мүдделі тұлғаларды (қаржы есептілігін пайдаланушыларды) Қоғамның қаржы жағдайы әрі 2013 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы толық та шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету.

3. Экономикалық тиімділік

Қоғамның 2013 жылға жылдық қаржы есептілігі және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігі Қоғамның мүліктік жағдайын, қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін қамтиды. Бұл құжаттарды талдау қаржы ресурстарына қажеттілікті анықтауға, капитал құрылымының тиімділігін бағалауға, Қоғам қызметінің қаржылық нәтижелерін болжауға, сондай-ақ Қоғамның қаржы ресурстарын және қаржылық қызметін басқарумен байланысты басқа да міндеттерді анықтауға мүмкіндік береді.

4. Акционерлер жылдық жиналысы қарауына шығарылған мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

Қоғам Жарғысына сәйкес Басқарма жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін оларды талқылау және бекіту үшін ұсынады. Басқарма Акционерлердің жалпы

жиналысына қаржылық есептіліктерден басқа аудиторлық есептерді де ұсынады.

Қоғамның 2013 жылға жылдық қаржы есептілігі және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігі мынадай қаржылық көрсеткіштермен ұсынылған:

Қоғам бойынша жеке алғанда:

	мың теңге		
<u>Көрсеткіш атауы</u>	<u>2013 жыл</u>	<u>2012 жыл</u>	<u>Өзгеріс %-бен</u>
Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден алынған табыс	168 214 901	123 931 842	36%
Өткізудің өзіндік құны	(94 404 328)	(83 711 982)	13%
Жалпы пайда	73 810 573	40 219 860	
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(9 190 686)	(9 323 465)	-1%
Негізгі құралдардың құнсыздануы	(10 664 313)	(766 227)	1 292%
Басқа да операциялық табыстар	7 605 493	1 619 386	370%
Операциялық пайда	61 530 734	31 294 404	97%
Бағам айырмашылығынан болған пайда/залал	43 860	(181 280)	- 124%
Қаржылық табыс	3 971 102	1 877 753	111%
Қаржылық шығындар	(1 374 236)	(826 017)	66%
Табыс салығы бойынша шығыстар	(13 063 819)	(7 262 245)	80%
Жыл ішіндегі таза пайда	52 016 547	25 334 951	105%

шоғырландырылғаны:

	мың теңге		
<u>Көрсеткіш атауы</u>	<u>2013 жыл</u>	<u>2012 жыл</u>	<u>Өзгеріс %-бен</u>
Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден алынған табыс	190 021 672	143 061 325	33%
Өткізудің өзіндік құны	(110 968 699)	(99 603 631)	11%
Жалпы пайда	79 052 973	43 457 694	
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(11 027 504)	(10 977 575)	0,5%
Негізгі құралдардың	(12 663 453)	(766 227)	1 553%

құнсыздануы			
Басқа да операциялық табыстар	7 937 123	1 658 170	379%
Операциялық пайда	62 617 397	33 060 767	89%
Бағам айырмашылығынан болған пайда/залал	103 799	(220 281)	-147%
Қаржылық табыс	4 197 234	1 950 357	115%
Қаржылық шығындар	(1 374 236)	(847 531)	62%
Бірлескен-бақылаудағы кәсіпорындар табысының үлесі	11 846 567	8 107 979	46%
Табыс салығы бойынша шығыстар	(13 847 161)	(8 550 163)	62%
Жыл ішіндегі таза пайда	63 543 600	33 501 128	90%
Есепті кезеңдегі пайдаға қарағанда Қоғам жай акцияларын ұстаушыларға келетін бір акцияға базалық пайда (теңгемен)	165	96	72%

Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2013 жылғы 13 наурыздағы шешіміне (№1/2013 хаттама) сәйкес белгіленген Қоғамға аудитті жүзеге асырушы аудитор ұйым «Эрнст энд Янг» ЖШС Қоғамның 2013 жылға жылдық қаржы есептілігіне және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігіне аудит жасады.

Осыған байланысты Акционерлер жылдық жалпы жиналысының қарауына 2013 жылға жылдық қаржы есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы мәселе шығарылады.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның 2013 жылға жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін Қоғам Басқармасы мақұлдады және Директорлар кеңесі алдын ала бекітті.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Қоғамның 2013 жылға жылдық қаржы есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін бекіту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

6. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда негізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Бұл мәселе бойынша шешім қабылдау әлдебір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**

Handwritten signature in black ink, appearing to read 'K. Qabylidin'.

Қ. Қабылдин

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімі

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегенде 2013 жыл үшін дивиденд мөлшерін бекіту туралы

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлері жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін және ұсынылған материалдарды қарап, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

1. Бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы Астана қаласы Есіл ауданы Қабанбай батыр даңғылы, 19 мекенжайында орналасқан, ЖБН 970 540 000 107, 2012 жылғы 29 тамыздағы ҚҚС бойынша есепке қою куәлігі сериясы 62001 №0015217, Кбе 16, «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ Астана өңірлік филиалы, SWIFT BIC: HSBKKZKX, KZ 536010111000012185 (теңге) Қоғамның 2013 жылдың қорытындылары бойынша алынған 63 543 600 000 (алпыс үш миллиард бес жүз қырық үш миллион алты жүз мың) теңге мөлшерінде таза табысын бөлудің мынадай тәртібі:

- 41 925 280 291 (қырық бір миллиард тоғыз жүз жиырма бес миллион екі жүз сексен мың екі жүз тоқсан бір) теңге мөлшерінде сома дивиденд төлеуге жолдансын;

- таза табыстың 21 618 319 709 (жиырма бір миллиард алты жүз он сегіз миллион үш жүз он тоғыз мың жеті жүз тоғыз) теңге мөлшеріндегі қалған сомасын Қоғамның иелігінде қалдыру;

2) Қоғамның бір жай акциясына есептегенде 2013 жыл үшін дивиденд мөлшері 109 (бір жүз тоғыз) теңге сомасында.

2. 2013 жылдың қорытындыларымен Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд алуға құқығы бар Қоғам акционерлерінің тізімі 2014 жылғы 13 маусым 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша бекітілсін.

3. 2013 жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеудің басталу күні болып 2013 жылғы 3 шілде белгіленсін.

4. Дивиденд төлеу ақшамен оны Қоғам акционерлерінің шотына белгіленген тәртіпте аудару жолымен жүргізілсін:

1) Қоғамның «Бағалы қағаздар орталық депозитаріі» АҚ-та атаулы ұстауда тұрған жай акциялары бойынша «Бағалы қағаздар орталық депозитаріі» АҚ атынан төлем агенті арқылы;

2) Қоғамның «Бағалы қағаздар орталық депозитаріі» АҚ-та атаулы ұстауда тұрмаған жай акциялары бойынша Қоғамның өзі.

5. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Қ. М. Қабылдин осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіпте қабылдасын.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы «__» _____
№ __ шешімінің жобасына қосымша

**«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту,
жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау
және «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегенде
дивиденд мөлшерін бекіту туралы мәселе бойынша түсіндірме жазба**

2014 жылғы «__» _____

Астана қ.

1. Мақсат

Осы мәселенің мақсаты «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлері жылдық жалпы жиналысының Қоғамның 2013 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекітуі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауы және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекітуі.

2. Міндет

Міндет Қоғам Жалғыз акционерінің шешімімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2012 жылғы 3 шілдедегі отырысының №75 хаттамасы) бекітілген Қоғамның Дивиденд саясатына (бұдан әрі – Дивиденд саясаты) сәйкес Қоғамның акционерлерге дивидендтер төлеуі бөлігінде акционерлер арасында Қоғамның таза табысын бөлу.

3. Экономикалық тиімділік

Экономикалық тиімділікке Қоғамның өз акционерлері алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету жатады, ол Қоғам қызметінің тұрақтылық, пайдалылық және тиімділік көрсеткіші болып табылады.

4. Директорлар кеңесіне қарауға шығарылған мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына және Қоғам Жарғысының 7-бабына сәйкес Қоғамның жай акцияларына дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлер жалпы жиналысы қабылдайды.

Қоғам дивидендтерінің мөлшері Дивиденд саясатына сәйкес айқындалады. Бұл ретте есепті кезеңде Қоғам есептейтін дивидендтер мөлшері Қоғамның өткен жылдағы шоғырландырылған немесе жеке таза

табысының 40%-ынан кем болмайтын мөлшерде қайсысы мейлінше көп екендігіне байланысты есептеледі.

Қоғамның 384 635 600 жарияланған жай акциясының Қоғамның 346 172 040 жай акциясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа тиесілі, ал 38 463 559 жай акциясы «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру аясында 2012 жылғы 21 желтоқсанда «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-қа орналастырылды (жарияланған бір акция орналастырымай қалды).

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 22-бабының 4-тармағына және Қоғам Жарғысы 7-бабының 4-тармағына сай орналастырылмаған акцияларға дивидендтер есептелмейді және төленбейді. Осыған байланысты Қоғамның орналастырылмаған бір жай акциясына дивиденд есептеу жүргізілмейді.

2013 жылға Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша шоғырландырылған таза табыс жекеден артық болды және 63 543 600 000 (алпыс үш миллиард бес жүз қырық үш миллион алты жүз мың) теңгені құрады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қоғам Жарғысына сәйкес Акционерлер жылдық жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсынысын қамтуы тиіс.

Осыған байланысты, Директорлар кеңесі өз отырысында Акционерлер жылдық жалпы жиналысына Қоғамның 2013 жылға таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде 2013 жыл үшін дивиденд мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсынысы туралы мәселені қарап, 2013 жылғы Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша алынған 63 543 600 000 (алпыс үш миллиард бес жүз қырық үш миллион алты жүз мың) теңге мөлшерінде шоғырландырылған таза табысты бөлу тәртібі жөнінде мынадай ұсыныс енгізді:

1) 41 925 280 291 (қырық бір миллиард тоғыз жүз жиырма бес миллион екі жүз сексен мың екі жүз тоқсан бір) теңгені дивиденд төлеуге жолдау;

2) таза табыстың 21 618 319 709 (жиырма бір миллиард алты жүз он сегіз миллион үш жүз он тоғыз мың жеті жүз тоғыз) теңге мөлшерінде қалған сомасын Қоғамның билігінде қалдыру.

Осы орайда, 2013 жылға Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін 109 (бір жүз тоғыз) теңге сомасында бекіту ұсынылады.

Бұдан басқа, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мыналар ұсынылады:

1) 2013 жылдың қорытындыларымен Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд алуға құқығы бар Қоғам акционерлерінің тізімін 2014 жылғы 13 маусым 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша бекіту;

2) Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеудің басталу күні – 2014 жылғы 3 шілде;

3) дивиденд төлеуді ақшамен оны Қоғам акционерлерінің шотына белгіленген тәртіпте аудару жолымен жүргізу:

- Қоғамның «Бағалы қағаздар орталық депозитаріі» АҚ-та атаулы ұстауда тұрған жай акциялары бойынша «Бағалы қағаздар орталық депозитаріі» АҚ атынан төлем агенті арқылы;

- Қоғамның «Бағалы қағаздар орталық депозитаріі» АҚ-та атаулы ұстауда тұрмаған жай акциялары бойынша Қоғамның өзі.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Қоғам Акционерлері жылдық жалпы жиналысының Қоғамның 2013 жылға таза табысын бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауы және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекітуі Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейді.

6. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда негізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Бұл мәселе бойынша шешім қабылдау әлдебір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

Бас директор
(Басқарма төрағасы)



Қ. Қабылдин

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының шешімі

**«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013 жылға
жылдық есебін бекіту туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013 жылға жылдық есебі бекітілсін.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы «___» _____
№ ___ шешімінің жобасына қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013 жылға жылдық есебін бекіту туралы
мәселе бойынша түсіндірме жазба

2014 жылғы «___» _____

Астана қ.

1. Мақсат

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлері жалпы жиналысының «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2013 жылға жылдық есебін (бұдан әрі – Жылдық есеп) бекітуі.

2. Міндет

Міндет мүдделі тұлғаларды Қоғамның есепті кезеңдегі қызметі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

3. Экономикалық тиімділік

Жылдық есеп Қоғамның есепті кезеңдегі қызметінің барлық елеулі жәйттері туралы, атап айтқанда, Қоғамның мақсаттары, қаржылық және әрекеттік қызметінің нәтижелері, Қоғам меншігінің құрылымы, топтық басқару, сондай-ақ Қоғамның директорлары және Басқарма мүшелері туралы ақпаратты қамтиды. Жылдық есепті талдау Қоғам қызметінің қаржылық нәтижелерін және тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

4. Жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, мәселені қысқаша сипаттау

Қоғам Жарғысына сәйкес Акционерлер жылдық жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін Қоғам Акционерлері жалпы жиналысына ұсынылатын материалдар Жылдық есепті де қамтуы тиіс.

Осыған орай, Топтық басқару кодексінің жылдық есеп мазмұнына қоятын талаптары басшылыққа алынып, Жылдық есеп жобасы әзірленді.

Жылдық есеп жобасын белгіленген тәртіпте Басқарма мақұлдады және Қоғам Директорлар кеңесі алдын ала бекітті.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде, Қоғам Жарғысына сәйкес Акционерлер жалпы жиналысының қарауына Жылдық есепті бекіту туралы мәселе шығарылады.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Жылдық есепті бекіту Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

6. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда негізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Бұл мәселе бойынша шешім қабылдау әлдебір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Қ. Қабылдин

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің
2013 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

Ұсынылып отырған «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі бекітілсін.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы «__» _____
№ __ шешімінің жобасына қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің
2013 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы
мәселе бойынша түсіндірме жазба

2014 жылғы «__» _____

Астана қ.

1. Мақсат

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің 2013 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының бекітуі.

2. Міндет

Міндет мүдделі тұлғаларды Директорлар кеңесінің есепті кезеңдегі қызметінің нәтижелері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

3. Экономикалық тиімділік

Қоғам Директорлар кеңесінің 2013 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі басқару органы, сондай-ақ Қоғам Басқармасы қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты, есепті кезеңдегі тәуекелдерді басқару және топтық басқару жүйесі туралы ақпаратты қамтиды. Осы Жылдық есепті талдау Директорлар кеңесі мен Басқарма қызметінің тиімділігін, сондай-ақ қабылданған топтық басқару рәсімдерін бағалауға мүмкіндік береді.

4. Қарауға шығарылған мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

Қоғам Жарғысына сәйкес Акционерлер жылдық жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін Қоғам Акционерлері жалпы жиналысына ұсынылатын материалдар Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін де қамтуы тиіс.

Осыған орай, Топтық басқару кодексінің және Қоғам Директорлар кеңесі туралы ереженің Директорлар кеңесі жылдық есебінің мазмұнына қоятын талаптары басшылыққа алынып, Директорлар кеңесінің 2013 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебінің жобасы әзірленді.

Директорлар кеңесінің 2013 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебінің жобасын белгіленген тәртіпте Қоғам Директорлар кеңесі мақұлдады.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде, Қоғам Жарғысына сәйкес Акционерлер жалпы жиналысының қарауына Директорлар кеңесінің 2013 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы мәселе шығарылады.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Директорлар кеңесінің 2013 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

6. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда негізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Бұл мәселе бойынша шешім қабылдау әлдебір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Қ. Қабылдин

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ пен оның лауазымды адамдарының
іс-әрекеттеріне 2013 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің
жүгінулерін қарау және оларды қараудың қорытындылары туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

«ҚазТрансОйл» АҚ пен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне 2013 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жүгінулері болмағаны туралы ақпарат назарға алынсын.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы «___» _____
№ ___ шешімінің жобасына қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ пен оның лауазымды адамдарының
іс-әрекеттеріне 2013 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің
жүгінулерін қарау және оларды қараудың қорытындылары туралы
мәселе бойынша түсіндірме жазба

2014 жылғы «___» _____

Астана қ.

1. Мақсат пен міндет

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) пен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне 2013 жылы Қоғам акционерлерінің жүгінулері болмағаны туралы Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын хабардар ету.

2. Экономикалық тиімділік

Көзделмеген.

3. Қарауға шығарылған мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 35-бабының 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне 2013 жылы акционерлердің жүгінулері және оларды қараудың қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Бұдан басқа, Заңның 44-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес Акционерлер жылдық жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне акционерлердің жүгінулері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

2013 жылы Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне акционерлердің жүгінулері болған жоқ.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне 2013 жылы акционерлердің жүгінулерін қарау және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда негізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдау әлдебір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Қ. Қабылдин

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін
мерзімінен бұрын доғару туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын доғарылсын.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы «__» _____
№ __ шешімінің жобасына қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару туралы мәселе бойынша түсіндірме жазба

2014 жылғы «__» _____

Астана қ.

1. Мақсат пен міндет

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару.

2. Экономикалық тиімділік

Көзделмеген.

3. Қарауға шығарылған мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

2014 жылғы қыркүйекте «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Жалғыз акционерінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі шешімімен (№127 хаттама) сайланған Қоғам Директорлар кеңесі өкілеттігінің үш жылдық мерзімі аяқталады.

Бұл орайда Директорлар кеңесінің мүшелері Н. Н. Шманов пен Қ. Б. Жылқышиевтің өкілеттіктері олар «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 55-бабының 4-тармағына сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару туралы Қоғам Директорлар кеңесіне хабарлама берген күннен (тиісінше 2014 жылғы 17 ақпан және 2013 жылғы 24 желтоқсан) бастап доғарылды.

Көрсетілген Заңға және Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару және оларды сайлау Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кіреді.

Осыған байланысты Қоғам Директорлар кеңесінің жұмыс істеп жүрген мүшелерінің өкілеттігін Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында мерзімінен бұрын доғару және Қоғам Директорлар кеңесінің жаңа құрамын және оның төрағасын сайлау орынды болмақ.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда пегізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Бұл мәселе бойынша шешім қабылдау әлдебір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Қ. Қабылдин

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сан құрамын,
өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, оның ішінде
«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 3 (үш) жыл өкілеттік мерзіммен 6 (алты) адам санында белгіленсін:

2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайлансын:

- 1) Қасымбек Ардақ Махмұдұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- 2) Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- 3) Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы);
- 4) Дэниел Михалик – тәуелсіз директор;
- 5) Мұстафа Хабиб – тәуелсіз директор;
- 6) Пірімбетов Серік Достанұлы – тәуелсіз директор.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Ардақ Махмұдұлы Қасымбек сайлансын.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы « ___ » _____
№ ___ шешімінің жобасына қосымша

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сан құрамын,
өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, оның ішінде
«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы
мәселе бойынша түсіндірме жазба**

2014 жылғы « ___ » _____

Астана қ.

1. Мақсат пен міндет

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, оның ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау

2. Экономикалық тиімділік

Көзделмеген.

3. Қарауға шығарылған мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

2014 жылғы қыркүйекте Қоғам Директорлар кеңесі өкілеттігінің үш жылдық мерзімі аяқталады.

Осыған байланысты Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында Қоғам Директорлар кеңесінің қазіргі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару және Қоғам Директорлар кеңесінің жаңа құрамы мен оның төрағасын сайлау орынды болмақ.

Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғам Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар комитетінің (бұдан әрі – Комитет) 2014 жылғы 3 сәуірдегі шешімімен (№2/2014-КжСК хаттама) Қоғам Директорлар кеңесінің құрамын 3 (үш) жыл өкілеттік мерзіммен 6 адам санында мақұлдау және Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелігіне мынадай кандидаттар тізімі жасалды:

Қасымбек Ардақ Махмұдұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;

Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры
(Басқарма төрағасы);

тәуелсіз директорлар ретінде:

Мұстафа Хабиб;

Пірімбетов Серік Достанұлы;

Дэниел Михалик.

Қоғам Директорлар кеңесі Комитеттің көрсетілген ұсынымын мақұлдады (2014 жылғы 17 сәуірдегі №4/2014 хаттама) және Директорлар кеңесінің мүшелегіне үміткерлер тізімі жасалды

Бұдан басқа, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы етіп А. М. Қасымбекті сайлауды ұсынды.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Қоғам Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, оның ішінде Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда негізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Бұл мәселе бойынша шешім қабылдау әлдебір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Қ. Қабылдин

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне
кандидат туралы ақпарат**

1. Тегі, аты, әкесінің аты:
Қасымбек Ардақ Қасымбекұлы
2. Кандидатты ұсынған акционердің атауы:
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
3. Білімі туралы мәліметтер:
Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті (1994 – 1998), мамандығы – халықаралық экономикалық қатынастар (бакалавриат);
Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті (1998 – 2000), мамандығы – халықаралық экономикалық қатынастар (магистратура);
Business School of City University of London (2000 – 2001), мамандығы – банк ісі және халықаралық қаржылар (магистратура)
4. «ҚазТрансОйл» АҚ-қа үлестестігі туралы мәліметтер:
«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде «ҚазТрансОйл» АҚ-тың үлестес тұлғасы
5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған қызметтері туралы, сондай-ақ кандидаттың басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған қызметтері туралы мәліметтер:
2013 жылғы қарашадан қазіргі уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың экономика мен қаржы жөніндегі басқарушы директоры
2012 жылғы шілде – 2013 жылғы қараша – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының экономика мен қаржы жөніндегі орынбасары
2012 жылғы наурыз – шілде – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ топтық қаржыландыру және активтерді басқару жөніндегі директоры
2010 жылғы мамыр – 2012 жылғы наурыз – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ топтық қаржыландыру және активтерді басқару жөніндегі басшы менеджері
2009 жылғы маусым – 2010 жылғы мамыр – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ топтық даму және активтерді басқару жөніндегі басшы менеджері
«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
6. Заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынып тасталған соттылығының болуы туралы мәліметтер:
соттылығы жоқ
7. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:
келіседі
8. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иеленуі
«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иеленбеген

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне
кандидат туралы ақпарат**

1. Тегі, аты, әкесінің аты:

Мұқышев Ардақ Жұмағұлұлы

2. Кандидатты ұсынған акционердің атауы:

«ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК

3. Білімі туралы мәліметтер:

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық университеті (1994 – 1998),
мамандығы – құқық және құқықтық білім әдісі;

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті (2005 – 2007),
мамандығы – экономика.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-қа үлестестігі туралы мәліметтер:

үлестес емес

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған қызметтері туралы, сондай-ақ кандидаттың басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған қызметтері туралы мәліметтер:

2014 жылғы қаңтардан қазіргі уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК Басқармасы төрағасының кеңесшісі

2010 жылғы қыркүйек – 2013 жылғы желтоқсан – Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігі құқықтық қызмет департаментінің директоры

2008 жылғы маусым – 2010 жылғы мамыр – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің құқықтық қызмет департаменті директорының орынбасары

6. Заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынып тасталған соттылығының болуы туралы мәліметтер:

соттылығы жоқ

7. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:

келіседі

8. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иеленуі

«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иеленбеген

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне
кандидат туралы ақпарат**

1. Тегі, аты, әжесінің аты:
Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы

2. Кандидатты ұсынған акционердің атауы:
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

3. Білімі туралы мәліметтер:
В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтты (1970 – 1975), мамандығы – электронды есептеу машиналары. Біліктілігі – инженер-электрик. Техника ғылымдарының кандидаты

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-қа үлестестігі туралы мәліметтер:
«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде «ҚазТрансОйл» АҚ-тың үлестес тұлғасы

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған қызметтері туралы, сондай-ақ кандидаттың басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған қызметтері туралы мәліметтер:
2011 жылғы қазаннан қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы), 2013 жылғы 13 қарашадан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының мұнай тасымалы жөніндегі орынбасары қызметін қоса атқарады
2009 жылғы маусым – 2011 жылғы қазан – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы

6. Заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынып тасталған соттылығының болуы туралы мәліметтер:
соттылығы жоқ

7. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:
келіседі

8. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иеленуі
«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларының 14 496 данасына немесе жалпы орналастырылған акциялар санының 0,00377%-ына ие

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне
кандидат туралы ақпарат**

1. Тегі, аты, әкесінің аты:

Михалик Дэниел

2. Кандидатты ұсынған акционердің атауы:

«ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры қызметіне кандидат

3. Білімі туралы мәліметтер:

Тоledo университеті, Огайо. Ғылым бакалавры, химиялық технологиялар, 1975 ж.

Мичиган университеті – Энн Арбор, Мичиган. Ғылым магистрі, химиялық технологиялар, 1976 ж.

Хьюстон университеті, Техас. Іскерлік басқару магистрі, 1982 ж.

Оңтүстік Техас заң колледжі, Хьюстон, Техас. Заң ғылымдарының докторы, 1991 ж.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-қа үлестестігі туралы мәліметтер:

үлестес емес

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған қызметтері туралы, сондай-ақ кандидаттың басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған қызметтері туралы мәліметтер:

2008 жылдан қазіргі уақытқа дейін – мұнай және газ өнеркәсібінде кеңесші

2008 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі

2006 – 2008 жылдар – Мұнай құбыры қауымдастығында бас кеңесші, Вашингтон, АҚШ

2001 – 2006 жылдар – Қазақстан Солтүстік Каспий серіктестігінде кеңесші, Лондон, Англия

6. Заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынып тасталған соттылығының болуы туралы мәліметтер:

соттылығы жоқ

7. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:

келіседі

8. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иеленуі

«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иеленбеген

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне
кандидат туралы ақпарат**

1. Тегі, аты, әкесінің аты:
Хабиб Мұстафа

2. Кандидатты ұсынған акционердің атауы:
«ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры қызметіне кандидат

3. Білімі туралы мәліметтер:
жаратылыстану ғылымдарының бакалавры, физика магистрі – Каен қаласы университеті, Франция, 1966 ж.
Инженер-электртехник: Каен қаласы электроника және электрмеханика жоғары мемлекеттік мектебі, Франция (ENSEEC), 1967 ж.
Инженер-мұнайхимик, Париж орталық мектебі (ECP, Paris), 1970 ж.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-қа үлестестігі туралы мәліметтер:
үлестес емес

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған қызметтері туралы, сондай-ақ кандидаттың басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған қызметтері туралы мәліметтер:
2008 жылғы қарашадан қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі
2007 жыл – AGIP KCO (Kashagan Project) кеңесшісі
2005 жылғы шілде – 2007 жылғы шілде – Target Petroleum Azerbaijan Corporation және Nobel Oil, Azerbaijan кеңесшісі. Caspian Drilling (SOCAR және Global Santa Fe арасындағы БК) компаниясында Директорлар кеңесінің мүшесі

6. Заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынып тасталған соттылығының болуы туралы мәліметтер:
соттылығы жоқ

7. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:
келіседі

8. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иеленуі
«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иеленбеген

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне
кандидат туралы ақпарат**

1. Тегі, аты, әкесінің аты:

Прімбетов Серік Достанұлы

2. Кандидатты ұсынған акционердің атауы:

«ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорының қызметіне кандидат

3. Білімі туралы мәліметтер:

Алматы халық шаруашылығы институты (1967 – 1971), мамандығы – экономика;

М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (1972 – 1975), аспирантура, экономика ғылымдарының кандидаты;

ғылыми дәрежесі және атағы: экономика ғылымдарының докторы (2002 ж.), профессор, «Еуразия» халықаралық экономика академиясының академигі, Бизнес және әкімшілік басшылары халықаралық академиясының (АҚШ) құрметті мүшесі

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-қа үлестестігі туралы мәліметтер:

үлестес емес

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған қызметтері туралы, сондай-ақ кандидаттың басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған қызметтері туралы мәліметтер:

2013 жылғы сәуірден қазіргі уақытқа дейін – Еуразия даму банкі Басқармасы төрағасының кеңесшісі

2008 жылғы қаңтар – 2013 жылғы ақпан – Қазақстан Республикасының Әзербайжан Республикасындағы елшілігінде Қазақстан Республикасының Әзербайжан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі

2002 жылғы қыркүйек – 2008 жылғы қаңтар – ЕурАзЭҚ Бас хатшысының орынбасары

6. Заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынып тасталған соттылығының болуы туралы мәліметтер:

соттылығы жоқ

7. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:

келіседі

8. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иеленуі

«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иеленбеген

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**Тәуелсіз директорларға олардың өз міндеттерін орындағаны үшін
сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу
мөлшері мен шарттарын белгілеу туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

1. «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларына сыйақының мынадай мөлшерлері белгіленсін:

1) жылдық кесімді сыйақы мөлшері салықтарды және басқа міндетті аударымдарды ұстағаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ доллары;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің әр бас қосқан отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы салықтарды және басқа міндетті аударымдарды ұстағаннан кейін 1 000 (бір мың) АҚШ доллары.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларына сыйақы төлеуді, сондай-ақ шығыстарын өтеуді белгілеу тәртібі мен шарттары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен (2011 жылғы 14 сәуірдегі №55 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдары тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидасына сәйкес белгіленсін.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы А. М. Қасымбек «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директорларымен тиісті шарттарға қол қойсын.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы «___» _____
№ ___ шешімінің жобасына қосымша

Тәуелсіз директорларға олардың өз міндеттерін орындағаны үшін
сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу
мөлшері мен шарттарын белгілеу туралы мәселе бойынша
түсіндірме жазба

2014 жылғы «___» _____

Астана қ.

1. Мақсат пен міндет

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) тәуелсіз директорларына олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу

2. Экономикалық тиімділік

Көзделмеген.

3. Қарауға шығарылған мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеуді, сондай-ақ шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен (2011 жылғы 14 сәуірдегі №55 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдары тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидасына сәйкес реттеледі.

Тәуелсіз директорларға кесімді сыйақы және Директорлар кеңесі комитеттерінің әр бас қосқан отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы төленеді. Тәуелсіз директорларға бұдан басқа Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің тәуелсіз директорлардың тұратын жерінен басқа жерлерде өткізілетін отырыстарына баруымен байланысты шығыстары (жол жүру, тұру, тәуліктік) өтеледі.

Қоғам Жарғысының 11-бабы 3-тармағының 32) тармақшасына сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері, оны белгілеу тәртібі мен шарттары бойынша Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына ұсынымдар дайындау Қоғам Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайлануын ескеріп, сондай-ақ мұнай-газ компанияларында тәуелсіз директорларға 2013 жыл үшін сыйақы төлеу тәжірибесін назарға алып, Қоғам Директорлар кеңесі Қоғам тәуелсіз директорларына жылдық кесімді сыйақы мөлшерін салықтарды және басқа міндетті аударымдарды ұстағаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ доллары, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің бас қосқан отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы мөлшерін салықтарды және басқа міндетті аударымдарды ұстағаннан кейін 1 000 (бір мың) АҚШ доллары етіп белгілеуді Акционерлер жалпы жиналысына ұсынды (отырыстың 2014 жылғы 17 сәуірдегі №4/2014 хаттамасы). Бұл ретте Қоғам тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу, сондай-ақ шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен (2011 жылғы 14 сәуірдегі №55 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдары тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидасына сәйкес белгілеу ұсынылды.

Жоғарыда көрсетілген қағидаға сай тәуелсіз директорлардың тұратын жерінен басқа жерлерде өткізілетін Директорлар кеңесі отырыстарына баруымен байланысты шығыстарын (жол жүру, тұру, тәуліктік) өтеуді Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) іссапар шығыстарын өтеу нормалары шегінде жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Тәуелсіз директорларға олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу мәселесі бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда негізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Бұл мәселе бойынша шешім қабылдау әлдебір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Қ. Қабылдин

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ жарғысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлері жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сай «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) Қ. М. Қабылдин:

1) ұсынылып отырған «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының жарғысына өзгерістер мен толықтыруларға қол қойсын;

2) осы шешімді іске асыру үшін қажетті өзге де шараларды қабылдасын, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте әділет органдарын «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабардар етсін.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы ___ мамырдағы
шешіміне (№ ___ хаттама)
қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы ___ мамырдағы
шешімімен (№ ___ хаттама)
енгізілген

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. 3-баптың 2-тармағында:

б) тармақшада «және оларға техникалық қызмет көрсету» деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

«15-1) тамақтандыруды, үйге тұрғызуды ұсыну және Қоғам магистральдық құбырлары объектілері орналасуының географиялық шекараларында қызметтік үй-жайларды мүліктік жалға беру (жалға алу) қызметтерін көрсету;»;

2. 9-баптың 36-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Акционерлер жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңнамаға, Жарғыға және Акционерлер жалпы жиналысының шешімімен бекітілген Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес айқындалады.».

3. 10-баптың 1-тармағының 23) тармақшасында «Заңмен» деген сөз «Заңнамамен» деген сөзбен ауыстырылсын.

4. 11-бапта:

3-тармақтың 39) тармақшасында мынадай редакцияда жазылсын:

«39) Заңнамамен және/немесе Жарғымен көзделген, Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, сондай-ақ Акционерлер жалпы жиналысы, Қоғамның Директорлар кеңесі, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және уәкілетті мемлекеттік органдар бекіткен құжаттармен Директорлар кеңесі құзыретіне жатқызылған мәселелер.».

7-тармақтың үшінші азатжолы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар Директорлар кеңесі туралы ережемен де белгіленуі мүмкін.».

34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.».

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген өзге де мәселелер.

Осы тармақта санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

35. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз директорлар осы баптың 34-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау міндеттеріне кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болады.

Бас директор (Басқарма төрағасы) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сан құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.».

5. 12-бап 2-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Жарғының 10-бабы 1-тармағының 10), 14) (Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі бөлігінде) тармақшаларында, 20) және 21) тармақшаларында, 11-бабы 3-тармағының 2), 8) – 16), 29), 32), 34) және 38) тармақшаларында, 18-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, шешімдер қабылдау Акционерлер жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала қарайды;».

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы «___» _____
№ ___ шешімінің жобасына қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе бойынша түсіндірме жазба

2014 жылғы «___» _____

Астана қ.

1. Мақсат пен міндет

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдау.

2. Экономикалық тиімділік

Қоғамның тамақтандыру, үйге тұрғызуды ұсыну және Қоғам магистральдық құбырлары объектілері орналасуының географиялық шекараларында қызметтік үй-жайларды мүліктік жалға беру (жалға алу) қызметтерін көрсету мүмкіндігін көздейтін толықтыруды Қоғам жарғысына енгізу Қоғамға осы қызметті жүзеге асыруға және тиісінше кіріс алуына мүмкіндік береді.

3. Қарауға шығарылған мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының бұдан арғы қызметіне келісім беру туралы» Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) (бұдан әрі – БҚА) 2011 жылғы 20 желтоқсандағы №671-НҚ бұйрығына сәйкес Қоғам Жалғыз акционерінің 2012 жылғы 19 қазандағы шешімімен бекітілген Қоғам жарғысының жаңа нұсқасында Қоғам жарғы 3-бабының 2-тармағында аталған қызметтер түрлерінен басқа технологиялық не көрсетілетін қызметтермен ажырағысыз байланысты қызметтің түрлерін, сондай-ақ «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген қызметті ғана (Қоғам жарғысының 3-бабы 2-тармағының 16) тармақшасы) жүзеге асыруға құқылы.

ҚТО тамақтандыру, үйге тұрғызуды ұсыну және ҚТО объектілерінде жұмыстар орындаушы (қызметтер көрсетуші) сырт ұйымдар және өзінің бірлескен-бақылаудағы ұйымдары – «МұнайТас» СБҚК» АҚ және «Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС үшін қызметтік үй-жайларды мүліктік жалға беру (жалға алу) қызметтерін көрсетуді жүзеге асыруы қажеттілігіне

байланысты, бұлар жоғарыда аталған қызметтер түрлеріне жатпайтын болғандықтан БҚА-ға Қоғамның осындай қызметтерді жүзеге асыруына келісім беру өтінішімен жүгінді.

Қоғам өтінішін қарау нәтижесі бойынша БҚА Әдістемелік кеңесінің он бесінші отырысында (2013 жылғы 19 шілдедегі №15-Пр(М) хаттама) Қоғам күзет және өрттен қорғау орындары орналасуының географиялық шекараларында тамақтандыру, үйге тұрғызу қызметтерін көрсетуіне келісім беру ұсынысы қолдау тапты. БҚА 2013 жылғы 10 желтоқсандағы №11-1-13/5210 хатымен Қоғамға тамақтандыруды, үйге тұрғызуды ұсыну және Қоғам магистральдық құбырлары объектілері орналасуының географиялық шекараларында қызметтік үй-жайларды мүліктік жалға беру (жалға алу) қызметтерін көрсету бойынша қызметтер түрімен өз жарғысына толықтыру енгізуіне келісім берді. Осыған байланысты осы толықтыруды ҚТО жарғысына енгізу ұсынылады.

Қоғам жарғысына сай оның қызметтері түрлерінің бірі – сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық құбырларды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру. «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес магистральды құбырды пайдалану деп оған техникалық қызмет көрсету де түсінілетіндіктен, Қоғам жарғысында осы қызмет түрінің атауы «және оларға техникалық қызмет көрсету» деген сөздерді алып тастау ұсынылады.

Қазіргі уақытта Акционерлер жалпы жиналыстарын өткізу тәртібін ретке келтіру мақсатында Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже әзірленді, оны осы орган бекітуі тиіс. Осыған байланысты, бұл құжатты бекіту Акционерлер жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылмағандықтан жарғыда нақтылау енгізу ұсынылады, атап айтқанда, 9-баптың 36-тармағын мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«36. Акционерлер жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңнамаға, Жарғыға және Акционерлер жалпы жиналысының шешіммен бекітілген Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес айқындалады.».

Директорлар кеңесі туралы ережені де Қоғам жаңа нұсқада әзірледі, онда Қоғам Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттарға қойылатын талаптар нақтыланды. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 54-бабының 6-тармағына сәйкес директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және қоғамның жарғысында белгіленеді.

Осыған байланысты Қоғам жарғысының Қоғам Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттарға қойылатын жалпы талаптар белгіленген 11-бабы 7-тармағының үшінші азатжолына мынадай сөйлеммен толықтыру ұсынылады:

«Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар Директорлар кеңесі туралы ережемен де белгіленуі мүмкін.»

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2013 жылы енгізілген түзетулерге байланысты жарғы 11-бабының 34 және 35-тармақтарына Қоғам Директорлар кеңесі комитеттерін құру мәселелерін нақтылаушы өзгерістер енгізу қажет. Егер бұрын осы Заңмен стратегиялық жоспарлау жөніндегі, кадрлар және сыйақылар жөніндегі, ішкі аудит жөніндегі, әлеуметтік мәселелер жөніндегі жеке комитеттер құру қажеттігі туралы талап белгіленген болса, енді қазір бұл мәселелерді бір комитеттің құзыретіне де, бірнеше комитеттің құзыретіне де жатқызуға болады.

Бұдан басқа, жарғыда Қоғам Басқармасының кейбір мәселелерді алдын ала қарауы бойынша құзыретін нақтылау ұсынылады.

Айталық, Қоғам жарғысының 12-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сай Қоғам Басқармасы шешім қабылдау Акционерлер жалпы жиналысының немесе Қоғам Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала қарайды. Дегенмен, іс жүзінде бұл мәселелердің бәрі Қоғам Басқармасында алдын ала қаралмайды, өйткені олар Басқарманың өзінің (оның мүшелерінің) мүдделерін қозғайды не мәселелер алдын ала қарауды талап етпейді. Мұндай мәселелерге жататындар:

Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кіретін мәселелер:

1) Қоғам Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару, Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшерін және шарттарын айқындау, сондай-ақ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

2) Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту;

3) Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

4) бөлінбеген пайданы бөлу туралы шешім қабылдау;

Қоғам Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кіретін мәселелер:

1) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

2) Қоғам Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ бас директорды (Басқарма төрағасын) қоспағанда, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару;

3) Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақылары мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау;

4) Ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және өзге де қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару;

5) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшерін және шарттарын айқындау, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау;

6) Ішкі аудит қызметінің тиісті жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;

7) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

8) Қоғам Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеуі мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешімдер қабылдау;

9) Директорлар кеңесі комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комитеттер мүшелерін сайлау;

10) топтық хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ топтық хатшының лауазымдық айлықақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, топтық хатшыға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау;

11) топтық хатшы қызметін құру және тарату, оның штат санын бекіту;

12) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам қызметі, соның ішінде қаржылық қызметі туралы ақпаратты алу тәртібін және мерзімдерін айқындау;

13) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері, айқындау тәртібі және шарттары жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

14) омбудсменді тағайындау және ол туралы ережені бекіту;

15) Қоғам Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің мүшелерінің, Қоғамның, Қоғам Басқармасының, Басқарма басшысының және мүшелерінің, Қоғам Ішкі аудит қызметінің және оның жетекшісінің қызметін бағалау жүргізу туралы шешім қабылдау;

16) бас директормен (Басқарма төрағасымен), Басқарма мүшесі Қоғам қызметкерімен еңбек қатынастарын доғару.

Осыған байланысты жарғының 10-бабы 1-тармағының 10), 14) (Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі бөлігінде) тармақшаларында, 20) және 21) тармақшаларында, 11-бабы 3-тармағының 2), 8) – 16), 29), 32), 34) және 38) тармақшаларында, 18-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, шешімдер қабылдау Акционерлер жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала қарауын жарғыда көздеу ұсынылады.

Баяндалғандардан басқа, жарғыға ұсынылатын түзетулермен Қоғам жарғысында және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілмеген өзге де мәселелерді қарау

бойынша Акционерлер жалпы жиналысының және Қоғам Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кейбір нақтылаулар енгізу көзделіп отыр.

Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Қоғам Басқармасы және Директорлар кеңесі мақұлдады. Қоғам жарғысының 10-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қоғам Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда негізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Бұл мәселе бойынша шешім қабылдау әлдебір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



К. Қабылдин

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы
ережені бекіту туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

Ұсынылып отырған «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже бекітілсін.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы «___» _____
№ ___ шешімінің жобасына қосымша

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені
бекіту туралы мәселе бойынша түсіндірме жазба**

2014 жылғы «___» _____

Астана қ.

1. Мақсат пен міндет

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту.

2. Экономикалық тиімділік

Көзделмеген.

3. Қарауға шығарылған мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 48-бабының 1-тармағына сәйкес акционерлер жалпы жиналысын өткізу тәртібі осы Заңға, қоғамның жарғысына және қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес белгіленеді.

Бұдан басқа, Акционерлер жалпы жиналысының жұмысын ретке келтіру мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 20 қыркүйектегі шешімімен (отырыстың №12/2013 хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ топтық басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1-тармағымен «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені биылғы жылдың екінші тоқсанында «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысында бекіту көзделген.

Осыған байланысты көрсетілген Ереже жобасы әзірленді, ол Акционерлер жалпы жиналысының құзыретін, Акционерлер жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлер тізімін жасау, Акционерлер жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлерді хабардар ету, Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін және күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды қалыптастыру, қатысу, сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау есеп комиссиясының жұмыс тәртібі, Акционерлер жалпы жиналысының жұмыс тәртібі және онда дауыс беру

Акционерлер жалпы жиналысы қабылдаған шешімдерді ресімдеу тәртібін белгілейді, сондай-ақ Акционерлер жалпы жиналысында өкілдік ету мәселелерін реттейді.

Баяндалғандар негізінде Акционерлер жалпы жиналысының қарауына «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту туралы мәселе шығарылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

4. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда негізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Бұл мәселе бойынша шешім қабылдау әлдебір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Қ. Қабылдин

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Директорлар кеңесі туралы ережені жаңа нұсқада бекіту туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

Ұсынылып отырған «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже жаңа нұсқада бекітілсін.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2014 жылғы «___» _____
№ ___ шешімінің жобасына қосымша

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені жаңа нұсқада
бекіту туралы мәселе бойынша түсіндірме жазба**

2014 жылғы «___» _____

Астана қ.

1. Мақсат пен міндет

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені жаңа нұсқада бекіту.

2. Экономикалық тиімділік

Көзделмеген.

3. Қарауға шығарылған мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысы 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғам Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған.

Қоғамда қазіргі кезде Қоғам Жалғыз акционерінің шешімімен («ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Директорлар кеңесі отырысының 2008 жылғы 24 қарашадағы №13/2008 хаттамасы) бекітілген Қоғам Директорлар кеңесі туралы ереже қолданылады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне және 2012 жылы Қоғамның Жарғысы жаңа нұсқада бекітілуіне байланысты Қоғам Директорлар кеңесі туралы ереже жаңа нұсқада әзірленді.

Көрсетілген Ереже жобасы Директорлар кеңесінің мәртебесін, оны құру және оның қызмет тәртібін, Директорлар кеңесінің құрамын, оның Қоғамның өзге органдарымен өзара әрекеттесуін, Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтарын, міндеттерін және жауаптылығын, сондай-ақ оларды сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару тәртібін айқындайды.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік

Қоғам Директорлар кеңесі туралы ережені жаңа нұсқада бекіту туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда негізгі мәселелер, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдау әлдебір мәселелердің және тәуекелдердің туындауына соқтырмайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Қ. Қабылдин